

Шектеу іс-шараларын белгілеу туралы

Күші жойған

Солтүстік Қазақстан облысы Шал ақын ауданы Жаңажол ауылдық округі әкімінің 2019 жылғы 13 наурыздағы № 2 шешімі. Солтүстік Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2019 жылғы 13 наурызда № 5247 болып тіркелді. Күші жойылды - Солтүстік Қазақстан облысы Шал ақын ауданы Жаңажол ауылдық округі әкімінің 2019 жылғы 6 желтоқсандағы № 7 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Солтүстік Қазақстан облысы Шал ақын ауданы Жаңажол ауылдық округі әкімінің 06.12.2019 № 7 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

"Ветеринария туралы" Қазақстан Республикасы 2002 жылғы 10 шілдедегі Заңының 10-1 бабының 7) тармақшасына сәйкес, Шал ақын ауданы бас мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық инспекторының 2019 жылғы 05 ақпанындағы №18-29/44 ұсынысы негізінде, Жаңажол ауылдық округінің әкімі **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Солтүстік Қазақстан облысы Шал ақын ауданы Жаңажол ауылдық округінің Жаңажол ауылының Қазақстан Республикасы атындағы көшесі, "Молшылық" шаруа қожалығының аумағында, ірі қара малда бруцеллез ауруының пайда болуына байланысты шектеу іс-шаралары белгіленсін.

2. Осы шешімнің орындалуын бақылау өзіме қалдырамын.

3. Осы шешім оның ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Ауылдық округ әкімі

М.Сүлейменов